ҚОҒАМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

2-бетте

АЙМАҚ

«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ» – КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫ ЕМЕС

3-бетте

АҚПАРАТ

АНА СҮТІ – ТЕҢДЕССІЗ ТАБИҒИ РЕСУРС

4-бетте

www.salyq-gazet.kz

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

saltar61@mail.ru

№92 (1951) 9 тамыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАЙ МӘДЕНИЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясына қатысушы делегация басшылары Орталық Азия елдерінің көрме павильонында болды.

Көрермендер ұлттық нақышта безендірілген Қазақстан экспозициясын тамашалады. Павильонда қонақжайлық пен ырыс-берекені паш ету үшін киіз үй тігілген.

Қонақтарға ұлттық салт-дәстүрлеріміздің театрландырылған қойылым ұсынылды.

Сондай-ақ көрмеде Түрікменстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің мәдени мұрасы мен меймандос халқының бай рухани қазынасымен танысуға болады.

AKORDA.KZ.

АППАРАТ МӘЖІЛІСІ

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде жер қойнауын заңсыз пайдаланушыларға қатысты мәселе қаралды. Мәжілісте облыстық өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қанат Шонбасов баяндама жасады.

Оның айтуынша, облыста пайдалы қазбаларды өндіретін 198 кәсіпкер тіркелген. Олардың 74-і келісімшарт негізінде, 124-і лицензия негізінде жұмыс істейді. Жауапты басқарма мен құзырлы органдар тарапынан заң талабын сақтамаған 22 жер қойнауын пайдаланушы анықталып, жұмыстары тоқтатылған. Облыс әкімі экологияға жауапты құзырлы орган басшыларына, аудан, қала әкімдері мен басқарма басшысына заңсыздықтарды жоюға қарсы күресті күшейтуді тапсырды.

– Заң талабын сақтамаған жер қойнауын пайдаланушы кәсіпкерлердің лицензиясын қайтарып алуды тапсырамын. Рейд тоқтамауы тиіс. Тексеріңіздер. Экологиялық талаптар қатаң сақталуы қажет. Бірлесе жұмыс істеңіздер. Бұл мәселелер тұрақты қадағалауда болады, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

Бүгінде облыста жұмысы тоқтатылған және пайдаланылмай тұрған кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Атап айтар болсақ, жыл басынан бері 17 жер қойнауын пайдаланушының 35 мың гектар жері мемлекетке қайтарылған. Мұндай фактілер, әсіресе, Арыс, Отырар, Ордабасы, Келес, Сауран аудандары мен Кентау қаласы аумағында жиі байқалады. Мәселен, Кентау қаласына қарасты Хантағы ауылдық округі маңында бариттің заңсыз қазылғаны анықталып, заң бұзған тұлғалар жауапқа тартылды. Сондай-ақ Келес өзені жағасын заңсыз қазып, өнімдерін жайылымдық жерге жинақтап, сатылымға шығару фактісі тіркелген. Жалпы, облыс аумағында ауыр жүк көліктерінің шамадан тыс жүк тасымалдау, заңсыз құм қазу, қазба өнімдерін саудалау, пайдалы қазбаларды өндіру фактілері анықталып, оларға қарсы тиісті шаралар қабылдануда.

Табиғат қорғау прокурорының орынбасары Мақсат Ералиевтің айтуынша, кей аумақтардағы заңсыз әрекеттердің тоқтамауына байланысты прокуратура мен басқарма тарапынан арнайы дрон құрылғысы қолданылуда. Анықталған фактілер бойынша түсірілген бейнематериалдар полиция қызметкерлеріне тапсырылып, жүк көліктері айыптұраққа қойылған. Сонымен қатар, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне облыста кең таралған пайдалы қазбаларды өндірушілердің келісімшарттық лицензиялық міндеттемелерін орындамауына байланысты ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс хат жолданды.

Мәжіліс қорытындысында аудан, қала, ауыл аумақтарында пайдалы қазбаларды заңсыз сату орындарын жабу жұмыстарын жандандыру, пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру деректері анықталған аудан, қала немесе ауыл әкімдерінің және учаскелік полиция қызметкерлерінің жауапкершіліктерін қарап, тиісті шара қабылдау жөнінде ұсыныс берілді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТАРАЗДА 100 КӨШЕНІҢ ЖОЛЫ ОРТАША ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛІП ЖАТЫР

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Тараз қаласындағы бірқатар тұрғын аймақтарды аралады.

Өңір басшысының бұл жолғы жұмыс сапары «Бәйтерек» (13) шағынауданынан басталды. Аталған аумақ тұрғындары тарапынан түскен шағымдарға байланысты жоспардан тыс тексеру жүргізілген болатын. Шағынаудандағы көрініс шынымен де көңіл көншітпейді екен. Қураған ағаштар, шабылмаған шөп, уақытылы шығарылмаған қоқыс пен бітеліп қалған арықтар... Ербол Қарашөкеев жауапты мекемелерге олқылықтарды жою жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар, қаланың тазалығы коммуналдық қызметтің ғана емес, әрбір тұрғынның да жауапкершілігі екенін атап өтті. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында тұрғындардың белсенділігі артса, мұндай мәселелердің алдын алуға болатынын айтты.

Облыс басшысы көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры мен қасбеттерін жаңғырту жұмыстарының барысын да тексерді. Қалаға бірегей сәулеттік келбет беру бағытындағы бұл бастама кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Өткен жылы 11 көпқабатты үй жаңартылса, биыл тағы 15 үйдің шатыры мен сырты жөнделмек. Қазіргі таңда Абай даңғылы, Қазыбек би және Әйтеке би көшелерінің бойындағы үйлерде құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жалпы, бұл жобаларға 320-дан астам құрылысшы жұмылдырылған.

Әкімге «Қарасу» каналын абаттандыру жобасы да таныстырылды. Жоба аясында ұзындығы 1,275 шақырым болатын су арнасының жағалауы жаңғыртылып, 13630 шаршы метр аумақ көгалдандырылады. Сонымен қатар, 8500 шаршы метр жерге тротуар төселіп, балалар мен ересектерге арналған ойын және спорт алаңдары салынады. Қала тұрғындары үшін бұл нысан алдағы уақытта жайлы әрі қауіпсіз демалыс орнына айналмақ.

Облыс әкімі сонымен қатар, Рысбек батыр, Е.Ниетқалиев және Ұлбике ақын көшелеріндегі жол жөндеу жұмыстарын бақылады. Аталған көшелерде қайта жаңғырту және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл орайда, Ербол Қарашөкеев мердігерлердің жұмысына қатысты жауапкершілікті күшейтуді тапсырды. Жөндеу жұмыстары қала тұрғындарына кедергі келтірмей, бекітілген кестеден кешікпей аяқталуы тиіс екенін ерекше атап өтті.

Айта кету керек, биыл Тараз қаласында 100 көшенің жолы орташа жөндеуден өтуде. Бұл – қаланың көлік инфрақұрылымын жаңартуға бағытталған ауқымды бастама. Қаладағы жүргізіліп жатқан барлық жұмыстардың негізгі мақсаты – тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру, жайлы өмір сүру мүмкіндігін арттыру.

Н. ҒАЛЫМ.
Тараз қаласы.

АУЫЛ АХУАЛЫ

ЖІБЕК ЖОЛЫНДА СЕГІЗ ЖОБА ҚАТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аршалы ауданына қарасты Жібек жолы ауылы – өңірдегі ірі елді мекендердің бірі. Қазіргі таңда мұнда ресми тіркелген тұрғындар саны 12 мыңға жуық болса, нақты өмір сүріп жатқан халықтың саны 30 мыңнан асады. Осыған байланысты, инфрақұрылымға түсетін жүктеме айтарлықтай жоғары болып отыр. Бұл мәселені шешу мақсатында мемлекеттік органдар кешенді инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда. Бүгінде ауылда электр және сумен қамту, жол жөндеу, әлеуметтік нысандар салу бағыттары бойынша сегіз жоба қатар жүргізілуде.

Аршалы ауданына жұмыс сапары аясында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов аталған жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. Аудан әкімінің орынбасары Ержан Жолымбетовтің айтуынша, ауыл тұрғындарын көптен бері электр қуатының жиі өшуі мазалап келген. Бұл мәселе жеке меншіктегі электр желілерінің тозуымен байланысты. Қазіргі уақытта осы мәселені шешу үшін ауылда жаңа электрмен қамту желісі тартылуда. Жобаны «Энергохолдинг LTD» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Бүгінде 2000-нан астам бағана орнатылып, 52 шақырым сым тартылып, 1000-нан астам көше шамы қойылған. Алда тағы 150 бағана мен тарату пунктін орнату жұмыстары тұр.

Сонымен қатар, «Новоалександровка» қосалқы станциясы қайта жаңғыртылып жатыр. Ол жыл соңына дейін іске қосылады деп жоспарланған. Бұған қоса, желілерді «АРЭК» АҚ балансына беру жұмыстары да жалғасуда. Ауылдың 8-шағынауданында су сорғы станциясының құрылысы жүріп жатыр. Ал, үш шағынауданда 67 шақырым су құбыры тартылған. Қазіргі таңда құдықтарды қосу, құбырларға гидросынақ жүргізу, жуып-шаю және залалсыздандыру жұмыстары қолға алынған. Су жаңа желілер арқылы қыркүйек айының соңына дейін беріле бастайды деп күтілуде.

Ірі жобалардың қатарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, соның ішінде 1, 4, 6, 7, 8-шағынаудандар мен үш тұрғын алабындағы көше-жол желісі де бар. Қазірдің өзінде 36 шақырымға асфальтбетон төселді.

Облыс әкімі халықты тіркеу бойынша ақпараттық жұмысты күшейтуді, барлық жобаларды жыл соңына дейін аяқтауды және олардың орындалуын бақылау үшін арнайы комиссия жіберуді тапсырды.

«Ауыл толыққанды дамуы үшін барлық инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар аяқталуы тиіс. Құрылыс барысына тәулік бойы бақылау қажет», – деп атап өтті Марат Ахметжанов.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы берген халықаралық автокөлік өткізу пункттерін реконструкциялау жөніндегі тапсырмалардың орындалу барысы бойынша жиын өткізді.

Онда Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Қаржы министрінің міндетін атқарушы Ержан Біржанов, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Ерлан Алдажұмановтың баяндамалары тыңдалды.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, биылғы жоспарда Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекараларындағы (ҚХР, Өзбекстан Республикасы, Түрікменстан) 9 өткізу пунктін реконструкциялау жұмыстары тұр. Бүгінгі таңда олардың төртеуінде: Қапланбек, Атамекен, Қалжат және Алакөл пункттерінде жұмыстар аяқталды. Бес нысанды жаңғырту жұмыстары жыл соңына дейін өз мәресіне жетпек. «Жібек жолы» жолаушылар өткізу пунктін реконструкциялау жоспардан тыс жүргізілуде, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқтау көзделіп отыр.

Жаңғырту жұмыстары кезінде алты жолақты кірме жолдар, электронды қадағалау жүйелерімен қоса алғанда, барлық қызметтер үшін бірыңғай инфрақұрылым құруды көздейтін жағдай жасауға баса назар аударылды.

Баяндамаларды тыңдаған Премьер-Министр кеден қызметінің, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасы шекараларындағы автомобиль өткізу пункттерін жөндеу мерзімдерінің кешіктірілуіне байланысты салалық министрліктер жұмысын сынға алды. Олжас Бектенов Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мен Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағаларын жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастырмағаны үшін жауапкершілікке тартуды тапсырды. Сонымен қатар, министрліктердің жауапты басшылары жергілікті жерлерде жұмысты үйлестіру үшін өңірлерге жіберілетін болды.

Кеден қызметінің кадр құрамына, әсіресе өткізу пункттеріне қатысты талаптарды қатаңдату, сондай-ақ жабдықпен жарақтандыру және интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша міндеттер қойылды.

Көлік, Қаржы министрлеріне өткізу пункттерін реконструкциялау барысы туралы Премьер-Министрге апта сайын есеп беру тапсырылды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР

ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ АҰЫТҚУЛАРЫ БАРЛАР ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ЖІБЕРІЛМЕЙДІ

Қазақстанда әскерге шақырылушыларды іріктеудің жаңа әдістемесі – PSY-суицидтік мінез-құлыққа бейімділікті ерте анықтауға бағытталған тәуекелді ауқымды енгізу басталады. Инновация жеке құрамның психологиялық тұрақтылығын арттыруға және әскердегі қайғылы оқиғалардың алдын алуға арналған.

«PSY-тәуекел» әдістемесін Қорғаныс министрлігінің әскери психологтары әзірледі. Жаңа жоба 2025 жылғы көктемгі шақыру кезінде сәтті сынақтан өтті. Соның нәтижесінде суицидке бейімділік белгілері бар 470-тен астам жас анықталып, олардың бәрі қызметтен босатылды немесе қосымша тексеруге жіберілді.

Жаңа жүйе бастапқы скринингті, терең психологиялық тексеруді және қажет болған жағдайда психиатриялық сараптаманы қамтитын психодиагностиканың көп сатылы механизмі болып табылады. Негізгі мақсат – психоэмоционалды тұрақтылық тұрғысынан Қарулы күштерде қызмет етуге дайын емес адамдарды шақырудан шығару.

«PSY-тәуекелді» енгізу мәселелері ҚР ҚҚҰлттықәскери-патриоттықорталығында өткен ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының негізгі тақырыбына айналды. Оның құрамына Қорғаныс, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің өкілдері, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік күзет қызметінің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың мамандары кірді.

Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті психологиялық және әскери-әлеуметтік жұмыс басқармасының бастығы, подполковник Арман Қалышевтің айтуынша, бастама Үкіметтің тапсырмасы бойынша іске асырылуда және әскерге шақыру науқаны шеңберінде жүйелі профилактиканың бір бөлігі болады.

– Біз психологиялық тұрақсыздарды електен өткізіп қана қоймай, болашақ әскери бөлімдердің ұжымдарын ықтимал қауіпті жағдайлардан қорғауға тырысамыз. Бұл бөлімшелердегі денсаулық, өмір және моральдық ахуал қатысты, – деді подполковник Арман Қалышев.

Еліміздің барлық өңірлерінде «PSY-тәуекелді» кезең-кезеңімен енгізу туралы шешім қабылданды. Инновация іріктеу тиімділігін арттырады, армиядағы штаттан тыс жағдайлардың санын азайтып, жас әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын нығайтудағы маңызды қадам болады деп күтілуде.

ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МАҚСАТ – ШЫМКЕНТТІКТЕРДІҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ

Шымкент қалалық әкімдігінде өткен мәжіліс барысында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жайлы ортаны дамыту, энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармаларының есептері тыңдалды. Күн тәртібінде қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі жұмыстар мен жобалардың жүзеге асу барысы қаралды.

Басқарма өкілдерінің мәліметінше, бүгінде қала аудандарында жол салу және ішкі орам көшелерін асфальттау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қалпына келтіру мен жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып, көлік инфрақұрылымын жетілдіруге басымдық беріліп отыр.

Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жаңа ойын және спорт алаңшалары, гүлзарлар салынып, халықтың игілігіне пайдалануға берілуде. Бұл – тұрғындардың қала кеңістігін дамытуға белсенді қатысуының нақты көрінісі.

Энергетика саласында да маңызды қадамдар жасалуда. Жаңадан бой көтеріп жатқан тұрғын үй кешендерін электр энергиясымен қамту үшін үш түрлі мекенжайда инженерлік инфрақұрылымның құрылысы басталған. Бұл қала халқының өсіп келе жатқан сұранысына уақытылы жауап беру мақсатында қолға алынған.

Абаттандыру бағытында да жүйелі жұмыстар байқалады. Көше қиылыстары мен жол жиектеріне маусымдық гүлдер – раушан, қызғалдақ және біржылдық сәндік өсімдіктер отырғызылып, қала көркі жаңарып келеді.

Қала тұрғындарына арналған демалыс орындарын жаңарту жұмыстары да назардан тыс қалмаған. «Отбасы» аллеясы, «Жеңіс», «Этно», «Алатау» және «Абай» саябақтарында жаңа балалар ойын алаңдары орнатылып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ С.Бәйтереков атындағы гүлзарда да балаларға арналған инфрақұрылым іске қосылды.

Су ресурстарын тиімді пайдалану және табиғи нысандарды сақтау бағытында да нақты жұмыстар жүргізілуде. Қошқарата өзенінің жағалауын абаттандыру, «Кәусар» каналының бірінші және екінші кезеңдеріндегі жаңғырту, сондай-ақ «Ақсай-Қарабастау» каналы мен «Ақжар» су қоймасына күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған. Бұдан бөлек, қала аумағындағы каналдарды механикалық тазарту жұмыстары тұрақты негізде жүргізіліп келеді.

Мәжіліс соңында қала әкімі жауапты басқарма басшыларына жұмыстардың сапасын бақылауда ұстауды және мерзімінде аяқтауды тапсырды. Сонымен бірге, тұрғындармен кері байланысты күшейтіп, атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру міндеттелді.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Шымкент қаласы.

ӘЛЕУМЕТ

СЕМЕЙДЕ ЗАМАНАУИ ИНКЛЮЗИВТІ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Абай облысында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған ірі әлеуметтік-мәдени орталық жұмысын бастады. Семей қаласында көру қабілеті шектеулі жандарға арналған жаңа инклюзивті кітапхана есігін айқара ашты. Бұл әлеуметтік маңызы зор нысан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай облыс тұрғындарына жасаған тартуы.

Жоба «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының қолдауымен жүзеге асырылды. Құрылыс пен жабдықтауға жалпы 410 миллион теңге бөлінген. Қазіргі таңда бұл кітапхана – өңірдегі ең заманауи әрі кең ауқымды инклюзивті кеңістік болып отыр.

Кітапхана екі қабаттан тұрады, жалпы аумағы – 852 шаршы метр. Жылына 15 мыңнан астам адамды қабылдай алатын орталықта келушілер үшін коворкинг-аймақ, іс-шаралар залы, демалыс бұрышы және түрлі арнайы бөлмелер қарастырылған. Атап айтқанда, тифлология кабинеті арқылы зағип жандар смартфон мен компьютерді арнайы қосымшалар арқылы қолдануды үйренеді. «Брайль» кабинеті «Брайль» жүйесімен оқу-жазуға және тактильді таяқпен еркін қозғалу машықтарын дамытуға арналған. Сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі аудиокітаптар қоры да бар.

Мұндағы басты ерекшелік – ғимарат толықтай инклюзивті талаптарға сай жасақталған. Кітапхананың барлық залдарына еркін кіріп-шығу үшін тактильді жолақтар мен арнайы тұтқалар орнатылған. Сонымен қатар, кітапхана қорын электронды каталогқа көшіру жұмыстары да жоспарланып отыр. Қазіргі таңда мұнда 40 мыңға жуық бірегей кітап сақталған.

– Соңғы бес жылда «Samruk-Kazyna Trust» Абай облысында жалпы құны 2,5 миллиард теңгені құрайтын 14 әлеуметтік жобаны жүзеге асырды. Қазір Семей қаласының «Үшақтар» шағынауданында құны 900 миллион теңге болатын үстел теннисі орталығының құрылысы қолға алынуда. Бұл нысанда 3900-ге жуық тұрғын спортпен айналыса алады, – деді «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов.

Айта кетейік, бұған дейін де Семей қаласындағы Абай атындағы кітапхана қайта жөнделіп, көру қабілеті төмен азаматтарға арнайы бөлім жабдықталған болатын. Бұл игі бастамалар өңір тұрғындарына қолайлы әрі тең мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға бағытталған. Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде Семей қаласында мыңға жуық көру қабілеті шектеулі адам тұрады. Ал, республика бойынша олардың саны 90 мыңнан асады.

2025 жылдың алғашқы жартысында «Samruk-Kazyna Trust» жалпы сомасы 6 миллиард теңгеге 21 жобаны жүзеге асырды. Қордың қолдауымен елімізде 46 оңалту орталығы мен 15 инклюзияны қолдау кабинеті табысты жұмыс істеуде. Жалпы 200 мың адам қайырымдылық көмегін алса, 168 азамат тұрақты жұмысқа орналастырылған. 2024 жылы ғана қор 36,6 миллиард теңгеге 41 жобаны іске асырып, 700 мыңнан астам отандасымызға әлеуметтік қолдау көрсеткен.

«ST» АҚПАРАТ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КЕГЕН–НАРЫНҚОЛ: ЖОЛ САПАСЫ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНДА

Алматы облысында өңір тұрғындары үшін маңызды бағыттардың бірі – «Кеген–Нарынқол» автожолының орташа жөндеу жұмыстары қарқын алып келеді. Жақында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев аталған жолдың құрылыс учаскесіне арнайы барып, жобаның орындалу барысымен танысты.

Жалпы ұзындығы 74 шақырымды құрайтын жолдың 0–37 және 37–74 шақырым аралығында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ауқымды жобаға тапсырыс беруші тарап – облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «Нұрлы жол – 7» серіктестігі атқаруда. Техникалық қадағалауды «KZ Стройэксперт» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Жоба құны – 8,002 миллиард теңге.

Қазіргі таңда жол құрылысына 44 техника мен 71 маман тартылған. Жергілікті жол төсеу материалдары қолданылуда: 7 мың текше метр қиыршық тас дайындалып, 4 шақырым учаскеде жол негізін қайта өңдеу жұмыстары аяқталған. Сонымен қатар, 2 шақырымда жолдың төменгі қабаты төселген.

Облыс басшысы сапар барысында атқарылып жатқан жұмыстардың барысын жіті бақылап, жобаға жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді. Әкім бөлінген қаражаттың тиімді әрі мақсатты игерілуі керектігін баса айтты.

– Бұл жол – тұрғындардың күнделікті қозғалысы мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса маңызды. Халықпен кездесулерде көтерілген жол мәселелері кезең-кезеңімен шешімін табады. Ең бастысы – сапа мен уақытты қатаң сақтау, – деді Марат Сұлтанғазиев.

Айта кетейік, «Кеген–Нарынқол» бағыты – шекаралық аумақта орналасқан ауылдарды аудан орталығымен байланыстыратын маңызды жол торабы. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң, бұл бағытта жолаушы және жүк тасымалы әлдеқайда қауіпсіз әрі тиімді болмақ.

А. ӘБІЛ.
Алматы облысы.

«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ» – КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫ ЕМЕС

«Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп, жетпей жүргендерін байқағаным бар» деп Ахмет Байтұрсынұлының бұдан ғасыр бұрын айтқан сөзі бар.

Абайдың кей өлеңдерін жатқа білмейтін қазақ кездескенімен, «Көзімнің қарасы» деген әнін білмейтіні жоқ. Ел жатқа білетін осынау әуенді өлеңнің бірінші жолынан ауызға түсер сөзді қалай түсіндік? «Көзімнің қарасы» деген сөздің сол өлеңдегі, сол шумақтағы мағынасын өлең мәдениетіндегі орнын дұрыс ұғына алдық па?

Бір әңгіме кезегінде Тұрсын Жұртбайдан осы өлеңнің орыс тіліне қалай аударылғанын сұрағаным бар.

Мария Петровых:

«Ты – зрачок глаз моих,

Пламень душ золотых», – деп аударған екен. Яғни, «Сен менің көзімнің қарашығысың» деген балама. Осы ағаттық Абай өлеңін қытай тіліне аударғанда да қайталанды.

我眼中的瞳仁 信誓的明灯

Бұл «Көзімнің қарашығы – көңілімнің шамшырағы» деген мағына береді.

(Абай Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары. 1-басылым (Қабай аудармасы). Бейжің: Ұлттар баспасы, 1992. – 149-бет). Дұрыс сияқты ма? Жоқ, дұрыс емес. Аудармамен қазақ ақындары таныс екені анық.

Абай бұл жерде «Көзімнің қарасы» деп көздің – қарашығын айтқан жоқ еді. Көз жанарынан құштарлық нұрын төгілте түскенін, ғашығын көз шуағына шомылта қарағанын айтып еді.

Біртуар ақын «Көзімнің қарасы» деп, көздің қарақаттай мөлдір қаралығын жазғаны жоқ еді. Сұлулыққа құмар, махаббатқа құлар жігіттің жан-тәніндегі ыстық жалынды жанарына жинап, жүрек талпынысын сездіре қарағанын жазып еді.

Абай «Көзімнің қарасы» деп, жарық әлемді өзіне сыйдырар тарыдай ғана көз қарашығын айтпады. Жігіттің жан дертін жанарынан шығара, ғашығына ұмсынған аяулы көзқарасын (қарауын) айтып еді.

Ақын «Көзімнің қарасында» лирикалық «меннің» қызға бір қарай қалғандағы сыртқы бейнесі – тыныш қалыпта көз суарған іңкәр суретті бейнемен салды. Мұнда ақын «менінің» ғашығына қараған көзінің көңіл санасымен тұтасып жатқан құбылысын өзгеше шебер суреттеді. Осы жырды тұтас оқығанда біздің суретші санамызда ғашықтықтан жаралы болған жүректің, ынтызарлыққа күпті көңілдің, сағынған сананың сипатын жинап ғашығына қарай қалған «меннің» жанары сипаттала түседі.

«Көзімнің қарасы» – көздің қарашығы емес. Ондағы айтылғаны зат емес, қимыл. «Айжанның ән шырқасы бөлекше шабытта», «Қаратөбелдің аяқ тастасы арынды» деген сөйлемдердегі «шырқасы», «тастасыға» ұқсас «қарасы» да қимылдан туындаған сөз.

Біріншіден, қазақта «көзімнің қарашығы», «көзімнің қарашығындай» деген сөздер бар. Ол теңеулер мағынасында аяулылықты, қамқорлықты, аса мұқияттықты меңзейді. Біз ақынды көздің қарасын көздің қарашығы мағынасымен алып, «көңілінің санасын» көздің қарашығындай аяулы сезінді дейік. Онда, осы шумақтың кейінгі екі жолын қай сөзімен қиыстырамыз, қисын қайда? «Көңілінің санасын» (бұл жерде «сана» іңкәр сағыныш деген мағынада болар) «Көзімнің қарашығындай аяулы еді», деп бір кетіп, оның үстіне «бітпейтін жара еді» деп тағы киліктіре ме? Немесе, Абай «қарашығы» десе өлеңдік буыннан асып кетіп, ырғаққа түспейтін болған соң, екінші жағынан «санасы» мен «жарасына» ұйқастыру үшін «қарашығы» дегенді «қарасы» деп ала салды демексің бе?

Жоқ, мүлде олай емес. Бұл өлең жазылған тұста (1891) ақындық шеберлігі кемеліне келіп, тіл өнерінің өлең сөз болмысының көңіл мен қимыл келісімінің табиғатын теориялық жағынан да әбден меңгерген Абай ауылдың өлеңшілеріндей ұйқас қумаса керек.

Екіншіден, осы өлеңнің «көзімнің қарасы, көңілімнің санасы» деп басталуы тегін емес. Ол тұтас өлеңдегі іңкәрлікті ішке тартып, ондағы әрбір сөз бен қимылды ұяңдыққа, әдепке, көзбен ғана оқитын биязы лепке мөлдіретіп, дірілдетіп, ұйытып тұрады.

Егер «көңіліңізде алаң басылған» (Абай) шабытты бір сәттеріңізге осы өлеңді ішкі жұмсақ, жылы лебіне кенеле оқысаңыз, не мамырлатып әнге салсаңыз өлеңдегі үнсіз қарайлаған қос жанар – ынтызарлыққа толы жігіт «көзінің қарасы» шығарманың өн бойынан көз тартады.

Мысалы:

«Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы» (1-шумақта);
«Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың» (5-шумақта);
«Қарасаң жан тоймас» (10-шумақта);
«Қалқамның нұсқасын
Көр, көзім, бір кенел» (12-шумақта);
«Боламын көрсем мәз» (13-шумақта);
«Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған» (15-шумақта);
«Өртенген жүрекке,
Бір көрген болар сеп» (18-шумақта).

«Байқап қарасаң» өлеңнің тұтас желісін «меннің» қызға қараумен септеп келе жатқанын сезесің. «Іштегі ғашықтық жарасы бітпей», «көңіл санасы» ғашығына қарата береді. «Көрген сайын бойы еріп», «сүйегі балқып», «жанары тоймай» қарайды. Ғашықтық мастығымен арпалысқан сабырлы жігіт. «Өртенген жүрегіне бір көргені де сеп болып» «көңілі кеңеліп» сабырын ұстанады.

Енді осы өлеңді зердеге салып, суретке бөліп, таратып оқысаңыз қызды «меннің» әр «қарауы» мен «көруінің» арасы қыз бейнесін сүйіне нұсқалаумен, қыз мінезін табына-сипаттаумен толады. Сырттай зер салудан, үнсіз көңіл құлатудан туған тұңғиық өлең жігіт жүрегіндегі ғашықтық арпалысын іштей тындыра келе ең соңғы жолдарында да:

«Құдай-ау, бұл көңілім,

Күн бар ма бір тынар?», деп өз-өзін тыныштыққа, сабырға шақырып, үнсіз қалдырады. Сіз осы сәтте Абайдың «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, іштен біл», деп басталатын тағы бір өлеңін еске алыңыз. Онда да үнсіздік, тілсіз сезім, көзбен қарауы мен көруінен ғана бейнеленетін ішкі ғажайып құбылыс меңзеледі.

Үшінші, «көзімнің қарасы» деген тіркестің біз айтып отырған мағынасын айқындауға осы бейнеден туған «көзқарас» деген көмескі пәлсапалық ұғымды да дәйекке тартуға жарайды. «Ол қандай көзқараста?», «өзіндік көзқарасың болсын!» деген сөйлемдегі «көзқарас» пен Абайдың «Көзімнің қарасын»ептеп жанастыруға болады. М.Әуезов «Көзімнің қарасын» Абайдың шын мәніндегі Еуропалық лирикалық деңгейдегі мәдениеті биік шығармаларынан тыс қалдырып, бұл өлеңді ақынның «шығыстық» үлгідегі шығармаларының қатарына жатқызған еді. М.Мырзахметұлы М.Әуезовтің осы пікіріне сөз жалғап: «Көзімнің қарасы» өлеңінде ғашықтық сезімді «Алланың рахметі» деп тануы немесе қыз бойындағы көз тұндырар сұлулықты «көрік – тәңірі дәулеті» деп ұғынудың арғы төркіні шығыс классиктері жырлаған ғазелдерден ауысқан белгі ретінде елес береді», дейді («Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары», 181-бет).

«Көзімнің қарасында» өлеңнің тұтас тұлғасы «меннің» ішкі сезіміне құрылатынын бағана «қарауына» байлай баяндап едік. Өлеңде біз ешкімнің де айқайлаған дауысын естігеніміз жоқ. Бәрі де «меннің» көкейінде арпаласып жатқан арман, лапылдаған ынтызарлық. Соның бәрі де сыртқа шықпаған бойда тынып қалып отырады.

Француз Анри Бергсонның сөзімен айтқанда, «Сана шығармаларындағы бізді қызықтырып, өзіне тартатыны – сыртқы дүниеден қолға түспейтін қандай бір түрлі терең тынысты көңіл күй немесе ішкі жан дүниенің тартысы болмақ» (Бергсон 1857–1941 жылдары жасаған. 1928 жылы Нобель сыйлығын алған, әдебиеттегі модерн ағымының көшбасшыларының бірі).

«Көзімнің қарасы» деген өлеңнің бірінші жолын жаңсақ ұғынуға не себеп болды дегенге жауап іздейік. Өлеңнің бірінші жолы ол – талайдан сөзге айналмай, көкейде шайқалған сұрапыл шабыттың бастау сөзі. Ол белгісіздіктегі сезімдердің жырға құйылар сәттегі алғашқы тамшысы – серке сөзі. Көңіл тоқтатпай жеңіл аттап өтетін табалдырық емес.

Абай шығармалары ойға жеңіл болған емес. Абай «жеңілдік» туралы айтты, онда тек тілге жеңіл болуын ғана дәріптеді. Абай шығармаларының оңай жатталып қалатыны сол «тілге жеңіл» келгенінен; Көрер көзге оңай жазылғандай өз-өзінен қиысып, ұйқасып тұрғандай болғанынан. Негізі ол – ақындық шеберліктің шыңы. Көп адамның Абайды жаттап алып, шығарманың шын мәніндегі қасиетіне жетпей жүретіні, түсінбей жүргенін өздері де байқамайтыны абай өлеңдеріндегі тілге жеңілдіктің қасиеті.

Біз сөз етіп отырған «Көзімнің қарасы» өлеңінің бірінші шумағындағы тыныс белгі Абай шығармалары қаншама қайта басылғанда да дұрыстап қойылмаған. Бұл да Абай шығармаларын зерттеушілердің осы сөздің мәнін дәп баспағанынан немесе Абай шығармаларына ден қоюымыздың жеткіліксіздігінен.

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді іштегі

Ғашықтық жарасы. Алдыңғы екі жолдың соңына қойылған үтірлер екі жолды бір-біріне қиыстырмай, жарыстырып, қатар жіберген. Содан да бір шумақтағы төрт жол қисын таппай, дәл мағынасынан шеттеп тұр. Өлеңнің дәл мағынасын түсінуге ол да кесірін тигізген.

Заты, осы шумақтың соңғы үш тармағы да алдыңғы жолдың (бейнесін) мәнін аша, айқындай түсудің қамында. Ендеше, біз тыныс белгіні былайша қояр едік:

«Көзімнің қарасы –
көңілімнің санасы:
бітпейді іштегі,
ғашықтық жарасы».

Әрине, Абай өлеңдері – әр оқушының, не зертеушінің «Мен білеміне» келе бермейтін, талдауға таусылмас қазына.

* * *

1990 жылы Мексика ақыны Октавио Пас Нобель сыйлығын алған Швециядағы салтанатта мына бір өлеңін оқыды:

Мен көру мен тіл қатудың,
Тіл қату мен үнсіздіктің,
Үнсіздік пен қиялымның
Қиялым мен ұмытудың арасында... (қытайшасынан сөзбе-сөз аударылды).

Өлеңнің монологі сияқтанған осынау бір шумақты бүгінгі дүние әдебиетінің тынысы дегенге дау болмас. Абайдың «Көзімнің қарасының» тұтас қасиеті Пастың осы өлеңіндегі ойларға арғы ғасырдан келіп тұтасып, жарыса кеткендей.

Сіз ерінбей Пастың осы бір шумағы мен «Көзімнің қарасының» бірінші шумағын қатар қойып көріңізші. Екеуі екі ғасырда, екі заманда жазылғанына қарамастан, бір кісінің шығармасындай, бір деңгейлі сезімнің тізгінін ұстап қатар көсілген шумақтар. Пастың шумағында өлең өзін «көрудің, тіл қатудың, үнсіздіктің, қиялдың, ұмытудың арасындамын», деп ишарат етеді. Ал, «Көзімнің қарасында» өлең қараудың, көрудің, қиялдың тіл қатуға жетпеген тұсынан ойға ұсталады.

Өлеңдегі сыртқы пішінді болмаса, ой мен сезімді «батысша» мен «шығысшаға» бөлу бірер мақаланың қарымы көтерер жүк емес. Бұл жерде көңілге қиғаш келгені «шығысшаны» «батысшадан» төмен деңгейде қалдырып, «Көзімнің қарасын» шығысшаға қосқан жай.

«Абай жырды құрметтеп,
ырза етейін дегенде,
Жаңа киім іздеген күллі әлемдік көлемде.
Фрак жапты жырға асыл,
жырласа сол жырласын.
Өзі киген күпіні кигізген жоқ өлеңге...»

Жұмекен ғой. «Күллі әлемдік деңгейде» дей ме? Дәл солай!

А. АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ақын, қоғам қайраткері.

ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ ДАРА ІЗ

Қазақты толық адам болуға шақырып, кеше мен бүгіннің болмысын суреттеп кеткен ғұлама жайында қызықты ақпарат дайындағымыз келді. Сол үшін бірнеше министрлікке сұрау салып, су жаңа мәліметтерді жинадық. Елімізде Абай есімімен байланысты көп дүние бары белгілі. Бірақ, нақты қанша екенін көбі біле бермейді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, елімізде Абай атындағы 120 мектеп, 6 колледж бар. Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет тағы бар. Ал, Абай атындағы бірнеше кітапхана бар десек, Семей қаласындағы «Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының» тарихы тереңде жатыр. Бұл еліміздегі ең көне кітапхананың бірі 1883 жылы ашылды десек, оған 1992 жылы ресми түрде Абай есімі берілген. Оған қоса, Семейде «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы жұмыс істейді. Мұны бір сөзбен ұлы ақынның атындағы ғылыми-мәдени орталық деуге болады.

Ал, әлемнің бес елінде Абай орталығы барын білесіз бе? Архив құжатнама және кітап ісі комитетінің мәліметінше, Чехияның Прага қаласында Абайдың 175 жылдығына орай ашылған орталық бар. Биыл Черногорияның Подгорица қаласында тағы бір орталық

ашылды. Ал 2020 жылы Біріккен Араб әмірлігінің астанасы Абу-Дабида хакім атындағы орталық салтанат құрған. Одан бөлек, Қазақстанның Италия елшілігінде, Санкт Петербург қаласында, Ресей ұлттық кітапханаларында орталық жұмыс істеп тұр.

Жалпы, Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, республика бойынша бір облыс, бір қала, үш аудан, 26 ауыл, бір ферма ұлы Абайдың есімімен аталады. Одан бөлек, Архив құжатнама және кітап ісі комитетінің дерегінше, республика аумағындағы 33 елді мекенге (Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Қарағанды, Жамбыл, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында) 1231 көше, даңғыл, аллея және скверге (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Ұлытау, Жамбыл, Алматы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары), 125 мекемеге (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында) Абай есімі берілген.

Ал, ұлы ақынның аттастары туралы мәліметке келсек, Қазақстанда 18763 адам Абай есімін алған. Қай өңірде Абай көп, бұл сұрақ бізге де қызық болды. Статистикаға сүйенсек, Астана қаласында 2089 Абай тұрса, Түркістан облысында 2018 адам ақын атын арқалап жүр. Одан кейін Алматы облысында 1632 Абай, Маңғыстау облысында 1254 ақынның аттасы тұрады. Ал, Абай есімі аз кезігетін облыс – Ұлытау (190). Тізімдегі ең жасы үлкен Абай 1932 жылы туылса, ең жасы биыл дүние есігін ашқан. Қызығы, елімізде 10 азаматша ақынмен аттас екен. Қоғамда кейінгі кезде Абай есімі сиреп кетті деген пікір бар. Алайда, дерекке қарасақ, елде жасы 15-тен кіші 3667 Абай бар. Одан кейін 30-34 жастағы Абайлардың статистикасы көп (3228).

А. АЙДАРҚЫЗЫ.

ХАКІМНІҢ КІТАБЫ

Елордадағы Ұлттық музейдің «Тарих» залындағы Абай бұрышында ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты жәдігерлер қойылған. Соның бірі – мына кітап.

Бұл жәдігер 1922 жылы Ташкент қаласында жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағы екен. Құнды туындының музей қорына (шифр – 4127) қабылданған актісінде: «Кітап. Абай. Таңдамалы өлеңдер жинағы. 3-ші басылым. Түркістан мемлекеттік баспасы. – Ташкент, 1922 ж» деп жазылып: «Кірлеген, сарғайған, қарайған жерлері бар. Мұқабаның шеттері және кітаптың беттері мыжылған, жыртылған», деп қосымша ақпар беріліпті.

Музейге бұл жәдігерді 2015 жылы 20 сәуір күні, яғни ұлы ақынның туғанына 170 жыл толу қарсаңында және мекеме қызметкерлері ұйымдастырған «Ұлттық мұражайға сый тарту» акциясы аясында филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов сыйға тартқан екен. Оған дәлел – кітаптың бірінші және соңғы беттерінде С.Негимовтің жеке мөрі басылыпты.

Ал, кітаптың жарық көру тарихына тоқталар болсақ, Абайдың «Жидебай-Бөрлі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының жетекші ғылыми қызметкері Мейрамгүл Қайранбаеваның пікірінше, бұл кітап осы жылы (1922) үш дүркін жарық көрген. Алғашқы екеуі Қазан қаласында басылып, үшіншісі Ташкентте жарық көрген. Сол себепті, кітаптың ташкенттік нұсқасында «3-ші басылым» деп тұр дейді.

«Бұл кітапты Ташкентте бастырып жүрген тұлғалар кімдер?» деген сұраққа Мейрамгүл Сейітжапарқызы: «Кітаптың жарық көруіне атсалысқан алаш қайраткерлері. Олар осы жылдары Ташкент қаласында Нәзір Төреқұловтың бастамасымен құрылған қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшелері болуға тиіс. Өйткені, осы тұста Ташкенттегі «Түркістан мемлекеттік баспасын» Н.Төреқұлов басқарып тұрған. Бұл істің атқарылуына Алаш арысы Халел Досмұхамедұлының үлесі бар. Өйткені, бұл тұлға ақынның таңдамалы өлеңдер жинағы туралы пікір білдірген», дейді.

Келесі кезекте құнды жәдігер әдебиетші ғалым Серік Нығметоллаұлының қолына қалай түсіп жүр дегенге тоқталсақ: «Менің туған жерім бұрынғы Көкшетау облысы, Қызылту ауданы, «Большевик» совхозы. Ауылда ескінің жолын ұстаған ақсақалдар көп болды. Соның бірі, бізге жамағайын туыс Қабдеш Кәлтеңұлы деген қария еді. Осы кісі қазақтың сөз ұстаған мықтылары Абай, Шәкәрім, Мағжан қатарлы қайраткерлердің бәрін оқыған, тіпті кейбірінің кітабы қолында бар еді. Соның бірі – өзің көріп отырған Абайдың жинағы», деді Серік аға.

– Абайдың жинағын біздің әулет көздің қарашығындай сақтаған екен. Жоғарыдағы Қабдеш қария өзі өмірден өткенде кітапты жамағайын туысы, сөз танитын інісі Жабар Әулишеұлына тапсырып кетіпті. Бұл кісі дүниеден өтер алдында кітапты менің әкем Нығметоллаға «Нықа, сенің ұлың Алматыда оқып жүр. Мына кітапқа түбі ие болатын адам сол. Соған бер» деп аманаттапты. Бұл 1970 жылдар шамасы болса керек. Кітап осылай әкемнің қолында 1992 жылға дейін сақталып, өзі өмірден өтерде маған аманаттаған еді.

Б. ҚАЙРАТҰЛЫ.

БРИФИНГ

АНА СҮТІ – ТЕҢДЕССІЗ ТАБИҒИ РЕСУРС

Қазіргі таңда ана сүтінің бала денсаулығына тигізер пайдасы бұрынғыдан да айқын дәлелденіп отыр. Ол тек табиғи қорек көзі ғана емес, сәбидің иммундық жүйесін қалыптастыратын, өмірін сақтайтын, ана мен баланың арасындағы психоэмоциялық байланысты нығайтатын теңдессіз табиғи ресурс. Осыған орай, жыл сайын 1-7 тамыз аралығында аталып өтетін «Дүниежүзілік ана сүтімен емізу» апталығы аясында Қызылорда облысында кешенді шаралар ұйымдастырылып, бағдарлама аясындағы жетістіктер мен өзекті мәселелер талқылануда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мая Мирзанова және «Ана сүтімен емізуді қолдау, қорғау және насихаттау» бағдарламасының өңірлік үйлестірушісі Нұргүл Скакова мәлімдеді.

– Дүниежүзілік ана сүтімен емізу апталығы жыл сайын әлем бойынша аталып өтеді. Апталықтың басты мақсаты – ана сүтінің маңыздылығын кеңінен насихаттау және оны қолдауға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру. Ана сүті – жаңа туған нәресте үшін теңдесі жоқ табиғи тағам. Ол баланың иммундық жүйесін нығайтып, түрлі жұқпалы және созылмалы аурулардың алдын алады. Сонымен қатар, ана сүтімен емізу – ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты күшейтіп, психологиялық және физиологиялық саулықты қамтамасыз ететін маңызды үдеріс.

Ана сүтінің өмірлік маңызын ескере отырып, Денсаулық сақтау министрлігі бұл бағыттағы жұмысты жандандырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ ұсынған «Ана сүтімен емізуді қолдау, қорғау және насихаттау» бағдарламасын еліміздің өңірлерінде жүйелі түрде іске асырып келеді. Қызылорда облысында бұл бағдарлама 1997 жылдан бері жүзеге асырылуда. Сол жылы Арал және Қазалы аудандық перзентханалары, ал 1998 жылы Қызылорда қалалық перзентханасы «Балаға ізгі ниетті аурухана» деген халықаралық мәртебеге ие болды. 2022 жылы бұл үш мекеме қайтадан халықаралық сертификаттаудан сәтті өтті. Сол жылы Қызылорда қалалық №3 емхана мен Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы алғаш рет «Балаға ізгі ниетті мекеме» мәртебесіне ие болды. Бүгінгі күні облыс бойынша 5 медициналық ұйым ДДСҰ мен ЮНИСЕФ ұсынған стандарттарға сәйкес, жоғары нәтижелер көрсетіп, «Алтын тақта» марапатына ие болды. Бұл халықаралық деңгейде үздік тәжірибенің мойындалуы. Бағдарламаны үйлестіру мақсатында арнайы облыстық үйлестіруші тағайындалған. Бұл өңірдегі барлық емдеу-алдын алу ұйымдарында бірізді жұмыс жүргізуге, білім мен тәжірибе алмасуға, стандарттардың сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр, – деді Мая Миранбайқызы.

– Ана сүтінің маңызы мен оның нәресте мен емізулі ананың денсаулығына әсері соңғы 30 жылда көптеген зерттеулермен дәлелденген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын шамамен 3 миллион нәресте өмірден өтеді екен. Алайда, дәлелді медицина мен денсаулық сақтау тәжірибесіне негізделген шараларды қолдану арқылы олардың көпшілігін құтқаруға болады. Қазіргі таңда нәрестелердің денсаулығын жақсартуға арналған күрделі және қымбат құралдар қажет емес. Ең арзан әрі тиімді технологиялардың бірі – ана сүтін қолдану болып табылады.

Ана сүтін насихаттау – нәрестелердің денсаулығын қамтамасыз етудің басты кепілі. Ана сүті нәрестенің иммундық жүйесін нығайтады, инфекцияларға қарсы тұруға көмектеседі, сонымен қатар, ішек аурулары, тыныс жолдары инфекциялары, аллергия және диабет сияқты ауруларға қарсы қорғаныс береді. Ана сүті баланың толыққанды тамақтануына қажетті барлық қоректік заттарға бай – су, витаминдер, майлар, ақуыздар, көмірсулар мен ферменттер. Ана сүтін насихаттау – болашақ ұрпақтың денсаулығына жасалған инвестиция. Бұл бағдарламалар қаржыны қажет етпейді, тек білім мен кәсіби дайындықты талап етеді. Сондықтан барша мамандардың және қоғам мүшелерінің бұл бағыттағы еңбегі маңызды, – деді Нұргүл Жанайқызы.

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі.

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ

ЭЦҚ АЛУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ: ЕНДІ ТЕК ОНЛАЙН

Елімізде 11 тамыздан бастап электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу тәртібі жаңаша форматқа көшеді. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бұл қызметті толықтай онлайн форматқа ауыстыру туралы шешім қабылдады. Бұл жаңашылдық цифрлық қауіпсіздікті күшейтуге, азаматтардың жеке деректерін қорғауға және бөгде адамдардың ЭЦҚ алуына тосқауыл қоюға бағытталған.

Бұған дейін ЭЦҚ-ны азаматтар халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚКО) немесе онлайн режимде рәсімдей алатын. Енді бұл процедура тек қана интернет арқылы жүзеге асады. Жаңа тәртіп бойынша, электрондық қолтаңбаны алу үшін мынадай қадамдар орындалады:

• «pki.gov.kz» немесе «egov.kz» порталына кіріп, өтінім жіберу;

• Бет-әлпет арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту.

Жүйе азаматтың бейнесін камера арқылы автоматты түрде таниды. Егер сәйкестендіру сәтті өтсе, ЭЦҚ кілті онлайн түрде, ешқандай оператордың қатысуынсыз беріледі.

Алайда, кей жағдайларда — фотосурет базада болмағанда немесе техникалық ақау орын алғанда — жүйе азаматқа 5 ретке дейін биометриядан өту мүмкіндігін береді. Бұл әрекеттердің бәрі сәтсіз аяқталса ғана, азамат ХҚКО-ға барып, өтініш беру құқығына ие болады.

Ең маңызды өзгеріс – биометриядан өтпейінше, ХҚКО қызметкерлері арқылы ЭЦҚ алу мүмкін емес. Яғни, ХҚКО операторы тек ЖСН арқылы тексеріп, биометриялық сәйкестендірудің 5 мәрте сәтсіз өткенін көрген соң ғана өтінішті қабылдай алады.

Интернетке қолы жетпейтін немесе техникалық құрылғылары жоқ азаматтар үшін ХҚКО ғимараттарында өзін-өзі қызмет көрсету аймақтары жұмыс істейді. Мұнда биометриялық сәйкестендіруден өтуге және ЭЦҚ кілтін алу процесін толығымен онлайн түрде аяқтауға мүмкіндік бар.

Министрлік ұсынған деректерге сүйенсек, 2025 жылдың басынан бері Қазақстанда 14,9 миллионнан астам ЭЦҚ кілті берілген. Оның 92,25 пайызы онлайн, яғни қашықтан сәйкестендіру арқылы рәсімделсе, небәрі 7,75 пайызы ғана ХҚКО арқылы алынған. Бұл – қоғамның цифрлық қызметтерге деген сенімі артқанын және цифрландыру процесінің тұрақты жолға қойылғанын көрсетеді.

Айта кетейік, ЭЦҚ – қолмен қойылған қолтаңбаға тең, толық заңды күшке ие. Сондықтан бұл құжатқа бөгде адамның қол жеткізуіне жол беруге болмайды. Жаңа жүйеде қолданылатын биометриялық растау әдісі – қауіпсіздіктің ең сенімді тетігі. Ол азаматтың дербес мәліметтерін қорғап қана қоймай, ЭЦҚ-ны заңсыз жолмен иемдену әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

«ST» АҚПАРАТ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі- Департамент) «КСМ-KZ» ЖШС-нің жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне тарифінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау **2025 жылғы 26 тамызда сағат 11.00-де** Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі №5 Департамент ғимаратында өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауларға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области (далее- Департамент) сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава ТОО «КСМ-KZ» которое состоится в здании Департамента **26 августа 2025 года, в 11.00 часов** по адресу: город Кызылорда, ул. Жахаева №5.

На публичные слушания приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители г.Кызылорды и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ИМАН

АҚЫЛ МЕН НАҚЫЛДЫҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН ҰСТАНҒАН СЕНІМ РЕФОРМАТОРЫ

Имам Матуриди – ханафилік мәзһабтың сенім мектебін, яғни «ақида» ілімін ғылыми тұрғыда дамытқан ірі ойшыл. Соңғы уақытта бұл тұлға туралы жастардың, мешіт жамағаттарының, жалпы көпшіліктің арасында қызығушылық артып, тереңірек танып-білуге деген сұраныс көбейіп отыр.

Ұлы ғалымның толық аты-жөні – Әбу Мансур Мұхаммад ибн Мұхаммад ибн Махмуд әл-Матуриди. Ол қазіргі Өзбекстан аумағындағы Самарқанд қаласының іргесінде орналасқан Матурид елді мекенінде дүниеге келген. Туған жылы нақты көрсетілмегенімен, кей зерттеушілер оның 844-854 жылдар аралығында өмірге келгенін айтады. Қайтыс болған уақыты шамамен 944 жыл деп көрсетіледі.

Әдебиеттер мен тарихнамаларда Ислам ғалымдарының есімдері көбіне туған жері немесе шыққан руымен байланысты аталып отырғаны белгілі. Сол себепті Имам Матуриди де туған елді мекенінің атымен аталған. Кейбір деректерде ол Әбу Мансур әл-Матуриди ас-Самарқанди деген атпен де танымал болған.

Имам Матуриди Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейін өмір сүрген көрнекті ғұламалар жолын жалғастырған. Ол Ханафи мәзһабының негізін қалаған Имам Әбу Ханифаның ілімін терең меңгеріп, ақли (ақылға негізделген) және нақли (аят-хадиске сүйенген) дәлелдер арқылы дамытқан. Оның ғылымдағы ұстанымы – тек аят-хадиске ғана емес, сонымен қатар, ақыл мен қисынға да ерекше мән беруді көздеген. Бұл – Ислам ғылымында жаңашыл, әрі терең көзқарастың қалыптасуына жол ашты.

Имам Матуридидің ұстаздары жайлы деректер түрліше болғанымен, бәрінің тізбегі Әбу Ханифаға барып тіреледі. Демек, ол – ханафилік сенімнің сенімді мұрагері, жүйелеп дамытушысы.

Тарихта Әбу Ханифаның фиқһи (құқықтық) көзқарастары кеңінен таралып, мәзһаб деңгейіне жеткені белгілі. Ал, сенім (ақида) саласындағы көзқарастары мен теологиялық тұжырымдарын Имам Матуриди бір арнаға түсіріп, ғылымилықпен бекемдеген. Ол ақида саласында Әбу Ханифаның идеяларын негізге алып, жаңаша дәлелдеумен қатар, бүкіл мұсылман әлеміне таратқан.

Көпшілік Имамның есіміндегі «Әбу Мансур» тіркесін көріп, оның «Мансұр» есімді ұлы болды ма деп қызығушылық танытады. Бірақ, тарихи деректерде ондай ұл туралы мәлімет жоқ. Керісінше, кейбір еңбектерде оның қызы болғаны ғана айтылады. Ғалым өзі жазған «Тәуиләт әл-Құран» атты тәпсір еңбегінде ұлды болуды армандағанын, ол дүниеге келсе есімін «Мансұр» деп қойғысы келетінін айтқан. Дегенмен, бұл арманның орындалған-орындалмағаны белгісіз күйінде қалған.

Ислам тарихында сүнниттік сенімге негізделген екі ірі ақида мектебі қалыптасты. Бірі – Имам Әбу Мансур Матуриди негізін салған «Матуридилік», екіншісі – Имам Әбу Хасан әл-Ашғари бастаған «Ашғарилік» мектебі. Бүгінде Орта Азияның көптеген елдері, соның ішінде Қазақстан да Ханафи мәзһабын және Матуриди ақидасын ұстанатын мемлекет.

Матуриди мектебі әсіресе иман мен ақылдың арақатынасы, үлкен күнә, сенім мен амалдың айырмашылығы сияқты мәселелерде терең, қисынды, ғылыми түсіндірулермен ерекшеленеді. Ол – ақида ілімінде әдіснама (усул) тұрғысынан үлкен жаңашылдық әкелген реформатор. Діни мәтіндерді тарихи, әлеуметтік, саяси және логикалық тұрғыдан қарастырып, тұтас жүйе қалыптастырған.

Ұстазы Әбу Насыр әл-Иязи Имам Матуридидің дәріс алқасына ерекше құрметпен қарап, ол келмейінше ешкімге сөз бермейтін болған. Ол Матуридиді көрген сайын Құрандағы «Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды...» (Қасас сүресі, 68-аят) деген аятты тілге алып, таңданысын жасыра алмаған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дүние салғаннан кейінгі кезеңдерде мұсылмандар арасында түрлі пікір қайшылықтары, сенімге байланысты таластар белең алды. Иман, амал, күпір, тағдыр, үлкен күнәлар сияқты мәселелерде түрлі ағымдар өз ойларын алға тартып, ұммет ішінде алауыздық туғызды. Осы сәтте Имам Матуриди сенім мәселелерінде ақыл мен нақылдың тепе-теңдігін сақтай отырып, теріс сенімдердің алдын алды. Ол әрбір пікірін дәлелдермен, оқиғалармен, аят-хадистермен және ақылға қонымды тәсілдермен негіздеп отырған.

Мәселен, Алланың бар екенін ақыл арқылы былайша дәлелдейді: «Өсімдіктер жаңбырға, күннің жылуына мұқтаж. Табиғаттағы әрбір жаратылыс сәйкестікпен орналасқан. Бұл – бір Ұлы Жаратушының бар екенін дәлелдейді. Егер бірнеше Құдай болғанда, бұл үйлесімділік бұзылар еді». Бұл пікірін Құрандағы «Рахманның жаратылысында ешқандай қайшылық көре алмайсың» (Мүлк сүресі, 3-аят) деген аятпен қуаттайды.

Имам Матуриди сенімге қатысты көзқарастары арқылы бүгінгі мұсылман қоғамының сенім негіздерін қалыптастырған. Оның сенім жүйесінің негізгі тұжырымдары мынадай:

1. Иман – Аллаға және Алладан келген нәрселерге жүрекпен сеніп, растау.
2. Үлкен күнә жасаған адам діннен шықпайды.
3. Иман мен амал – бір-бірінен бөлек ұғым. Иман – жүректің ісі, ал амал – иманның жемісі.
4. Иманда «истисна» болмайды. Яғни «Алла қаласа мүмінмін» деген күмәнді сөйлем емес, «Аллаға шүкір мүмінмін» деп айту қажет.
5. Иман мен ислам – тілдік тұрғыда бөлек болғанымен, діни тұрғыда бір-бірін толықтыратын тұтас ұғым.

Имам Матуриди өз дәуірінде тәпсір, ақида, фиқһ, мәзһабтар тарихы, Құран ілімдері сияқты түрлі салаларда мол мұра қалдырған. Ғалымның жалпы саны 14-15 шақты еңбегі болғанымен, бүгінге дейін «Китаб әт-Таухид» пен «Тәуиләт әл-Қуран» атты екі негізгі еңбегі ғана жетіп отыр.

«Китаб әт-Таухид» – Имам Матуридидің ақида саласындағы негізгі көзқарастары жинақталған еңбек. Онда басқа мәзһабтар мен ағымдарға ғылыми сын айтылады. Бұл шығарма – Матуриди мектебінің негізін қалаушы басты еңбегі ретінде қабылданады. Кітаптың жалғыз толық нұсқасы Кембридж университетінің кітапханасында сақтаулы.

«Тәуиләт әл-Қуран» – Имамның шәкірттері тарапынан құрастырылған тәпсір еңбегі. Дегенмен, ондағы барлық мазмұн Имам Матуридидің өзіне тиесілі екені дау тудырмайды. Бұл шығарманың қырыққа жуық қолжазба нұсқасы Түркия, Мысыр, Сирия, Англия, Германия елдерінде сақталған.

Имам Әбу Мансур әл-Матуриди – ислам сенім жүйесін бекемдеген, әһли сүннет уәл-жамағаттың ақида мектебін ғылымилықпен негіздеген, түрлі теріс ағымдарға дәлелмен қарсы тұрған кемеңгер ғалым. Оның туғанына шамамен 1160 жыл толуына орай, қазіргі таңда Орта Азия елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да бірқатар ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Бүгінде еліміз Ханафи мәзһабын және Матуриди сенім жүйесін ұстанатын мұсылман мемлекеті ретінде осы ілімнің берік іргетасын жалғастыруда.

Ү. САБЫРХАНОВ,
Т.Рысқұлов аудандық «Әл-Хақ» мешітінің имамы.
Жамбыл облысы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАМБЫЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР БІРЕГЕЙ ОТА ЖАСАДЫ

Облыстық көпбейінді ауруханада алғаш рет миға жоғары дәлдікпен нейрохирургиялық операция жасалды. Дәрігерлер сол жақ маңдайшекелік аймақта орналасқан «менингиома» ісігін микрохирургиялық әдіспен толық алып тастап, науқастың өмірін сақтап қалды.

1959 жылы туған әйел адам ауруханаға бас ауруымен және тырысу белгілерімен жеткізілген. Шұғыл түрде жасалған МРТ зерттеуінде оның миынан ісік анықталып, дереу ота жасау қажет екені белгілі болды. Пациент батыл шешім қабылдап, отаны облыстық ауруханада жасатуға келісті.

Бұл – өңір тарихындағы алғашқы нейрохирургиялық ота, әрі ол толық сәтті өтті.

Операцияны медицина ғылымдарының кандидаты, хирургия және инновациялар жөніндегі бас дәрігердің орынбасары Асқар Садықов, нейрохирург Инаятддин Муединов, анестезиолог, мейірбике және реабилитация тобы бірігіп жасады.

Бір күннен соң науқас жансақтау бөлімінен жалпы палатаға ауыстырылып, бесінші күні өздігінен қозғала алатын халге жетті. Ал, онынш күні толық жазылып, үйіне шығарылды.

– Бұл оқиға – Жамбыл медицинасындағы жаңа кезеңнің бастауы. Біз осы ота арқылы аймағымызда жоғары технологиялық операцияларды сәтті орындауға болатынын дәлелдедік. Біз үшін ең бастысы – науқастың амандығы, – дейді Асқар Садықов.

Т. ӨМІРБАЕВА,
Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы баспасөз қызметінің жетекшісі.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.
Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 505